

2019 жылғы 6 маусымдағы Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай Халық Республикасының кедендік шекаралары арқылы өткізілетін халықаралық тасымалдағы тауарлар мен көлік құралдары жөнінде ақпарат алмасу туралы келісімнің күшіне енуі туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 3 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 7-бабы 2-тармағының екінші абзацына және 2019 жылғы 6 маусымдағы Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай Халық Республикасының кедендік шекаралары арқылы өткізілетін халықаралық тасымалдағы тауарлар мен көлік құралдары жөнінде ақпарат алмасу туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 11-бабына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Төрағасының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше барлық мемлекеттердің Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы ақпаратын назарға ала отырып, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес **шешті:**

1. Келісім күшіне енген күнінен бастап Еуразиялық экономикалық одақ үшін міндетті деп танылсын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия:

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді аяқтағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей Қытай Халық Республикасының атына Келісімнің 11-бабында көзделген хабарламаны жіберсін;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтерін Келісімнің күшіне енген күні туралы хабардар етсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

<i>Армения</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Федерациясынан</i>